

**Ақмола облысы
Бұланды ауданы
«Балдырған» бобекжайы МКҚК**

Педагог –психологтың жылдық есебі

Педагог – психолог: Ж.З.Каменова

2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға арналған психологиялық – педагогикалық жағдайларды қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балалардың балабақша өміріне тез бейімделуіне көмек көрсету.
2. Жек тұлғалық, эмоциялық, ақыл -ойын дамыту бойынша диагностикалық түзету жұмыстарын өткізу.
3. Педагогтердің эмоционалдық күйзелуіне (қажуына) көмек көрсету.

Мектепалды даярлық тобы есеп алу кестесі.

Мектепалды дайындық топтарының жалпы диагностикаға қатысқан 69 түлегі тестілеуден өтті. Психологиялық дайындықтың жоғары деңгейі 26 баланы құрады – 38%, орташа деңгей - 43 бала – 62% құрады.

Әдістеменің бөлімдері	Мақсаты:	Жоғары	Орташа	Төмен
Тест Г. Витцлак Балалардың мектепке оқуға дайындық қабілеті	балалардың мектепке оқуға психологиялық дайындығын, сондай-ақ баланың ақыл-ой даму деңгейін диагностикалау. Диагностика 15 тапсырмадан тұрады.	26 бала жоғары деңгейде	43 бала орташа деңгейде	-

Кеңес беруі және ағартушылық жұмыстарын есепке алу кестесі

№	Тақырыбы	Саны	
		Ата-аналар	Педагогтар
1	«Балабақшаға бейімделудің жеңіл түрі»баяндама	40	28
2	«Танысайық» тренинг	-	10
3	«Ақыл баспалдақтары» тренинг	-	23
4	Мектеп пен балабақша сабақтастығы тақырыбында «Миға шабуыл» тренинг	-	11
5	«Ең алдымен біз ата-анамыз» тренинг	10	
6	«Мен және менің балам» тренинг	20	-
7	Балалардың кикілжіңін жеңу әдістері. Кеңес беру, буклет тарату.	40	-
8	Сұраныс бойынша кеңес беру	8	14
9	«Біз біргеміз» тренинг	-	16
10	«Мен,сен,ол,олар» тренинг	-	9
11	«Өз-өзіммен үйлесімділік» тренинг	-	22
12	«Өзара әрекеттесу жолында» тренинг.	13	-
13	«Біз мектепке барамыз» МДТ ата-аналарына кеңес-тренинг.	19	-

Есепті кезеңде ата-аналарға және педагогтерге психологиялық кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Кеңес беру барысында балалардың жас ерекшеліктері, танымдық және эмоционалдық даму деңгейі, мінез құлықтағы ерекшеліктер, бейімделу кезеңі, сондай –ақ ата –ана мен бала, тәрбиеші мен бала арасындағы өзара қарым –қатынас мәселелері қарастырылды.

Тәрбиешілермен психологиялық құзыреттілікті арттыруға бағытталған ұйымдастырылған жоспарға сай тренингтер өткізілді. Тренингтер барысында кәсіби күйзелістің алдын алу, эмоционалдық тұрақтылықты сақтау, балалармен тиімді қарым –қатынас орнату және педагогикалық қолдау дағдыларын дамыту мәселелері талқыланды.

Психологтың кәсіби өсу қадамдарының жоспары бойынша әдістемелік материалдармен жұмыс жүргізілді, жаңа психологиялық әдістер мен тәсілдер зерделенді. Алынған білім мен дағдылар практикалық жұмыста қолданылуда.

Балалардың балабақшаға бейімделуінің сараптама есебі


№	Әдістеме	Бейімделу деңгейі	Бірінші жарты жылдықта келген балалар		Екінші жарты жылдықта келген балалар	
			Балалар саны 34	100%	Балалар саны 16	100%
1	Балалардың балабақшаға бейімделу деңгейі.	Жеңіл бейімделген	25	74%	14	87%
2		Орташа бейімделген	8	23%	2	12
		Қиын бейімделу	1	3%	-	-

Балалардың балабақшаға бейімделуі балалардың балабақша табалдырығын аттаған күннен бастап жүзеге асты. Бастапқы бейімделуі әртүрлі өтті. Бастапқы балабақшаға келген кезде балалардың қабылдауы әртүрлі болды (жылау, мазасыздану ауырды). Жалпы 39 баланың бейімделуі жақсы өттсе, 10 баланың бейімделуі орташа, 1 баланың бейімделуі қиындық тудырды. Бейімделуі орташа болған балалардың бейімделу кезеңі ұзаққа созылды. Ауыр бейімделу кезінде әртүрлі себептермен (ауруға жиі шалдығуы, үйге жиі әкетілу, ата –анасының жұмыстан босамауы) балабақшаға келмей қалатын кездер болды. Балабақшаға келген кезде балалардың қабылдауы жақсы болды. Топтағы ойындар, бірлескен әрекеттер, саусақ ойындары арқылы баланың ортаға сіңісуі жеңілдетілді. Әр баланың бейімделуі картотекасы бойынша жұмыстар жүргізілді.

Осы 2025 – 2026 оқу жылында балабақшаға келген балалар балабақшаның күн тәртібінде толықтай бейімделді. Топтағы балалармен қарым қатынастары да жақсарды.

- жеңіл түрі – баланың мінез –кұлығы 10-15 күнде қалпына келеді.
- орташа ауырлық бейімделу -1 айдың ішінде
- ауыр бейімделу- 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Бейімделу диаграммасы



Қорыта келе, өз білімімді жетілдіру бағытында 2025 -2026 оқу жылында педагогикалық – психологиялық қызмет жоспарына сәкес жүйелі жұмыстар жүргізілді. 2026 жылдың қаңтар айында «Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдап отыру мамандары мен педагогтердің қызметі» және «Әлеуметтік- мәдени қызмет құралдары негізінде білім алушылар арасында дивантты мінез-құлықтың профилактикасы бойынша жұмысты ұйымдастырудың технологиялық аспектілері» тақырыбында курстар өттім.

Қараша айында балабақшамызда «Бала дамуындағы сабақтастық» тақырыбында өткен семинарға белсенді қатысып, қатысушылардың көңіл –күйін жақсарту мақсатында психологиялық тренинг өткіздім.

2025 жылдың 4 желтоқсанында балабақшамызда жоспарға сәйкес «Мектепке дейінгі балалық шақтың қазіргі құндылықта: тәжірибе, проблемалар, даму перспективалары» тақырыбында аудандық семинар ұйымдастырылып, оның аясында «Зейін мен эмоцияны дамытудағы психологиялық ойын жаттығулары». тақырыбында шебер сағатын өткіздім.

Желтоқсан айында Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі ұйымдастырған «Біздің таланттар» Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған аудандық байқауында «Алтын дауыс» номинациясымен «Ертөстік» тобының тәрбиеленушісі Қайыр Темірлан қатысып, мадақтамамен марапатталды.

2026 жылдың ақпан айында аудандық семинарда «Зейінімді дамытамын, эмоциямды басқарамын» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткіздім және «Зейін мен эмоцияны дамытудағы ойын жаттығулар» тақырыбында әдістемелік жинағыммен бөлістім.

Осылайша бір жыл көлемінде атқарылған жұмыстарымды ескере отырып, педагог –модератор біліктілік санатымның аяқталуына байланысты, аудандық білім бөліміне, сарапшыға өтінім бердім.